

**«БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ»
ЖШС**



**ТОО «ЦЕНТР ОБРАЗОВАНИЯ И
НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ»**

**«Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының заманауи технологиялары
мен әдістері: оқушылардың мамандық таңдау және кәсіби өзін-өзі
айқындау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары»
атты педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Алматы 2025

1. Жалпы ережелер

«Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының заманауи технологиялары мен әдістері: оқушылардың мамандық таңдау және кәсіби өзін-өзі айқындау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бағдарламаның мақсаты, міндеттері, жоспарланған оқу нәтижелері, курс құрылымы мен мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын бақылау және бағалауды қамтиды.

Бағдарлама мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың заманауи технологиялары мен әдістерін қолдану саласында педагог-профориентаторлардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқушылардың тиімді кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін қажетті өзекті білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру педагогтердің инновациялық тәсілдер мен цифрлық ресурстарды меңгеруіне, кәсіптік бағдар беру қызметінде интерактивті, ойын және жобалау әдістерін белсенді қолдануына, оқушылардың жеке қызығушылықтарын, қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, мамандық таңдау барысында жеке сүйемелдеуді жүзеге асыруына, сондай-ақ ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен нәтижелі ынтымақтастық орнатуына мүмкіндік береді, бұл Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру қызметінің сапасын айтарлықтай арттыруға ықпал етеді.

Осы педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның өзектілігі

Еңбек нарығындағы өзгерістер – Қазақстан Республикасының еңбек нарығы жоғары динамикалығымен және жаңа мамандықтардың пайда болуымен сипатталады. Бұл мектептердің педагог-профориентаторларынан оқушылардың уақтылы және саналы түрде мамандық таңдауына көмектесуге қажетті заманауи білім мен дағдыларды игеруді талап етеді.

Кәсіби бағдар беруде цифрлық және интерактивті технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы – кәсіптік бағдар берудің қазіргі әдістері көбінесе дәстүрлі тәсілдермен шектеліп, бүгінгі заман талаптарына сәйкес тиімділігі дәлелденген цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдар толық қолданылмай отыр.

Ата-аналардың кәсіптік бағдар беру үдерісіне төмен деңгейде қатысуы – оқушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі кәсіптік бағдар беру шараларының тиімділігін төмендетеді. Ал қазіргі заманғы

кәсіптік бағдар беру жұмысы баланың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіне отбасының белсенді қатысуын талап етеді.

Педагог-профориентаторлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі – педагогтерде жаңа буын оқушыларымен жұмыс істеуге қажетті инновациялық әдістер мен кәсіптік бағдар беру технологияларын қолдану бойынша мамандандырылған білім жиі жеткіліксіз болып келеді.

Саналы кәсіби өзін-өзі анықтауды дамыту қажеттілігі – қазіргі жағдай оқушылардың жай ғана мамандық таңдауын емес, мансаптық жоспарлауға саналы көзқарасын, икемді дағдыларды қалыптастыруды, бейімделгіштігін және өмір бойы оқуға қабілеттілігін дамытуды талап етеді.

Мемлекеттік және әлемдік тенденциялармен байланысы:

Мемлекеттік үрдістер:

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру – бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру сапасын және оқушыларға кәсіптік бағдар беру деңгейін арттыруға, сонымен қатар мектептер мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланысты жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген стратегиялық басымдықтарға сәйкес әзірленген.

Білім беру үдерісін цифрландыру – бағдарламада кәсіптік бағдар беру жұмысына заманауи цифрлық және онлайн-технологияларды интеграциялау көзделген, бұл Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін цифрландыру бойынша ұлттық жобалар мен бастамаларға сәйкес келеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен икемді дағдыларын (Soft Skills) қалыптастыру – бағдарлама сыни ойлау, шешім қабылдау қабілеті, эмоционалды интеллект сияқты заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының басымдықтарына жауап береді.

Инклюзивті білім беруді енгізу – бағдарламада ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс іструдің әдістері мен тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінген, бұл инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа толық сәйкес келеді.

Халықаралық үрдістер:

Цифрлық технологиялар мен инновациялық тәсілдерді белсенді пайдалану – бағдарлама кәсіптік бағдар беру барысында цифрлық құралдарды, онлайн платформалар мен интерактивті әдістерді қолданудағы халықаралық тәжірибені ескереді, бұл білім беру саласындағы әлемдік даму тенденцияларына сәйкес келеді.

Кәсіптік мансапты басқару дағдыларын дамыту (Career management skills) – бағдарлама халықаралық тәжірибеге сәйкес, оқушылардың еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуін, мансапты басқару және өмір бойы білім алу қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Халықаралық тәжірибе негізінде құзыреттіліктерді бағалау және өзін-өзі бағалау – бағдарламада оқушылардың кәсіби қызығушылықтары,

қабілеттері мен құзыреттіліктерін бағалаудың заманауи халықаралық тәжірибеге негізделген озық әдістері мен құралдары қамтылған.

Аталған білім беру бағдарламасы мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыратын педагог қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейіне, олардың заманауи технологияларды, әдістер мен кәсіптік бағдар беру құралдарын білуіне, оқушылармен тиімді кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру үшін цифрлық ресурстар мен инновациялық тәсілдерді қолдана алуына қойылатын талаптарды айқындайды. Сонымен қатар, бағдарлама педагогтердің оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін бағалау саласындағы құзыреттіліктерін қалыптастыруды, саналы кәсіби таңдау және мансапты басқару дағдыларын дамыту үшін жағдай жасауды, кәсіптік бағдар беру жұмысының Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне және заманауи білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2.Глосарий

Кәсіптік бағдар – білім алушылардың қабілеттері, қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес мамандықты саналы түрде таңдауына көмектесуге бағытталған іс-шаралардың кешені.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – білім алушылардың өз кәсіби қызығушылықтарын, қабілеттері мен болашағын түсіну үдерісі, саналы мамандық таңдау мен кәсіби дамуға жетелеу.

Педагог-кәсіптік бағдар беруші – білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыру және өткізуге жауапты педагогикалық қызметкер.

Нормативтік-құқықтық база – білім беру ұйымдарының қызметін және кәсіптік бағдар жұмысын реттейтін заңдардың, бұйрықтар мен қаулылардың жиынтығы.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіндегі психологиялық және педагогикалық аспектілерді ескере отырып көрсетілетін кәсіби қолдау жүйесі.

Кәсіптік бағдар берудегі жас ерекшеліктері – білім алушылардың кәсіби таңдауына әсер ететін психологиялық және әлеуметтік даму сипаттамаларының жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі.

Кәсіби қызығушылықтарды диагностикалау – білім алушылардың түрлі кәсіптерге деген бейімділіктерін анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені.

Кәсіптік таңдау мотивациясы – білім алушыларды саналы және жауапты мамандық таңдауына ынталандыратын ішкі және сыртқы факторлар.

Кәсіби күтулер – білім алушылардың өзінің кәсіби болашағы мен мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы түсініктері.

Кәсіптік бағдардың интерактивті технологиялары – білім алушылардың педагогпен және бір-бірімен белсенді қарым-қатынасына негізделген кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыру әдістері.

Тренинг – кәсіптік бағдар үдерісінде білім алушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған практикалық оқыту формасы.

Рөлдік ойын – кәсіптік бағдар мақсатында білім алушылардың кәсіби жағдайлар мен рөлдерді модельдеуіне негізделген белсенді оқыту әдісі.

Іскерлік ойын – нақты кәсіби міндеттер мен жағдайларды модельдеу арқылы білім алушылардың кәсіптік іс-әрекет туралы түсініктерін қалыптастыратын кәсіптік бағдар әдісі.

Геймификация – білім алушылардың мотивациясы мен белсенділігін арттыру мақсатында кәсіптік бағдар жұмыстарына ойын элементтері мен механикаларын енгізу.

Сторителлинг – білім алушылардың мамандық туралы түсінігін дамыту үшін әңгімелер мен оқиғалар арқылы ақпаратты беру әдісі.

Жобалау әдісі – білім алушылардың мамандықты зерттеу және таңдауына байланысты жобаларды өз бетінше әзірлеп, жүзеге асыруға бағытталған кәсіптік бағдар әдісі.

Кәсіби сынамалар – білім алушылардың тәжірибелік қызмет арқылы түрлі мамандықтардың ерекшеліктерімен тікелей танысуын ұйымдастыратын шаралар.

Кейс-әдіс – нақты кәсіби жағдайларды (кейстерді) талдау негізінде білім алушылардың кәсіби ойлауын қалыптастыратын кәсіптік бағдар әдісі.

Soft Skills (икемді дағдылар) – коммуникация, командада жұмыс істеу, сыни ойлау және көшбасшылық қасиеттер секілді білім алушылардың кәсіби дамуы үшін маңызды әмбебап құзыреттіліктер.

Кәсіптік бағдардағы цифрлық технологиялар – кәсіптік бағдар жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, онлайн-платформалар мен интернет ресурстарын пайдалану.

Кәсіби кеңес беру – білім алушылардың мамандық таңдауына және кәсіби жолын анықтауға көмек көрсету мақсатында педагогтың жеке немесе топтық жұмыс жүргізуі.

Әлеуметтік серіктестік – білім беру ұйымының жұмыс берушілермен, жоғары оқу орындарымен және басқа әлеуметтік серіктестермен бірлесіп, кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру іс-әрекеті.

Кәсіптік бағдардың тиімділігін мониторингілеу – кәсіптік бағдар жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау мақсатында жүйелі бақылау және талдау жүргізу.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар (ЕБК) – білім алу, даму және әлеуметтік бейімделуде қиындық көретін, арнайы білім беру жағдайлары мен қолдауға мұқтаж білім алушылар.

Инклюзивті кәсіптік бағдар – ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауына және кәсіби дамуына тең мүмкіндік беретін кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы:

Кешенді және пәнаралық тәсілдеме – тұңғыш рет бір бағдарлама аясында кәсіптік бағдар берудің психологиялық, педагогикалық және әдістемелік аспектілері біріктірілген, бұл педагог-профориентаторларға оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын тиімді көп деңгейлі қолдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу – заманауи онлайн-күралдардың, цифрлық білім беру платформалары мен мультимедиялық ресурстардың қолданылуы педагог-профориентаторлардың мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауға деген ынтасын арттырады.

Инновациялық кәсіптік бағдар беру әдістерін белсенді пайдалану – жоба және кейс әдістерін, геймификация мен сторителлингті кәсіптік бағдар беру жұмыстарында мектептерде бұрын шектеулі түрде қолданылған деңгейден анағұрлым кеңірек енгізу.

Жұмсақ дағдыларды (Soft skills) дамыту – бағдарлама аясында оқушылардың сыни және аналитикалық ойлауын, тиімді қарым-қатынас жасау, шешім қабылдау, эмоционалдық интеллект және көшбасшылық қасиеттерін жүйелі түрде қалыптастыруға ерекше назар аударылады, бұл бұрын кәсіптік бағдарлау бағдарламалары аясында кешенді түрде зерттелмеген.

Халықаралық және отандық тәжірибеге бағдарлану – бағдарлама әлемдік озық тәжірибелерді интеграциялау мен оларды қазақстандық білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне бейімдеуге бағытталған, соның ішінде оқушыларды халықаралық бағалау зерттеулеріне (PISA және басқаларына) табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның тәжірибелік бағыттылығы – бағдарлама аясында алғаш рет қатысушылардың мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын нақты ұйымдастыруда тікелей қолдануға бағытталған авторлық жобалары мен әдістемелерін әзірлеуі және қорғауы көзделген.

Білім беру жүйесіндегі баламалы бағдарламалардың бар-жоғына талдау:

Тәсілдердің кешенділігі бойынша баламалардың шектеулілігі: Қазіргі уақытта педагог-профориентаторлардың біліктілігін арттыруға арналған көптеген бағдарламалар жеке бағыттарды (психологиялық, әдістемелік немесе цифрлық технологиялар) қамтып, біржақты сипатқа ие. Ұсынылып отырған бағдарлама барлық негізгі бағыттарды біртұтас жүйеге біріктірген кешенді тәсілдемесімен ерекшеленеді.

Цифрлық және интерактивті технологияларды енгізудің жеткіліксіздігі:

Талдау көрсеткендей, цифрлық білім беру ресурстарын, виртуалды платформалар мен онлайн-технологияларды жүйелі қолданатын кәсіптік бағдар беру бағдарламаларының саны өте аз немесе мүлде жоқ. Ұсынылған бағдарлама осы кемшілікті толықтай жояды.

Soft skills (жұмсақ дағдыларды) қалыптастыруға бағдарланған бағдарламалардың болмауы:

Баламалы курстардың көпшілігінде оқушылардың сыни ойлау, эмоциялық интеллект, командада өзара әрекеттесу және коммуникация сияқты жұмсақ дағдыларын дамытуға тиісті назар аударылмаған. Ал бұл дағдылар қазіргі уақытта оқушылардың табысты кәсіби өзін-өзі анықтауының ажырамас бөлігі болып табылады.

Халықаралық трендтер мен зерттеулерге жеткіліксіз көңіл бөлінуі: Қазіргі қолданыстағы курстардың көпшілігі халықаралық тәжірибеге бағдарланбаған және PISA секілді халықаралық зерттеулерге дайындықты қарастырмайды, бұл кәсіптік бағдар жұмысының тиімділігін айтарлықтай шектейді. Ұсынылып отырған бағдарлама әлемдік тәжірибені толықтай ескеріп, қазақстандық ерекшеліктерге бейімдейді.

Практикалық бағдарлануы мен авторлық жобаларды енгізу тәжірибесінің жеткіліксіздігі:

Педагог-профориентаторлардың тікелей мектеп тәжірибесінде қолдануға арналған авторлық жобалары мен әдістемелерін әзірлеп, қорғауды қамтитын бағдарламалар іс жүзінде жоқ. Ұсынылған бағдарламада педагогтердің авторлық жобаларды міндетті түрде қорғауы қарастырылып, оның практикалық тиімділігі артады.

Қорытынды:

Ұсынылған білім беру бағдарламасы кешенділік, инновациялық сипат, практикалық бағдарлану жағынан Қазақстандағы педагогтердің кәсіптік бағдар беру саласындағы біліктілігін арттыру жүйесінде ешбір баламасы жоқ. Бағдарлама кәсіптік бағдар берудің заманауи халықаралық және мемлекеттік үрдістеріне толық сәйкес келіп, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау міндеттерін тиімді шешуде бірегей әрі өзекті болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінің бағдарламаға деген қажеттілігі:

Мектептердегі кәсіптік бағдар беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі: Еңбек нарығының қазіргі талаптары мектептерде оқушылардың кәсіби бағдарын жүйелі ұйымдастыру қажеттілігін туғызуда. Қолданыстағы тәсілдердің тиімділігі жеткіліксіз, бұл мектеп практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізуді талап етеді.

Педагог-профориентаторларға арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларының тапшылығы:

Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінде педагог-профориентаторларға арналған мамандандырылған бағдарламалар саны шектеулі, бұл оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін айтарлықтай төмендетеді. Ұсынылған бағдарлама осы кемшілікті жойып, кешенді тәсілдемені және тәжірибеге бағдарланған технологияларды ұсынады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын цифрлық технологиялар арқылы жаңарту қажеттілігі:

Білім беру үдерісін цифрландыру педагогтерден кәсіптік бағдар берудің тиімділігін арттыру мақсатында заманауи онлайн-ресурстарды, электрондық платформаларды және цифрлық құралдарды қолдануды талап етеді. Ұсынылған бағдарлама педагогтерде цифрлық кәсіптік бағдар беру құзыреттіліктерін қалыптастыруға деген сұранысқа жауап береді.

Оқушылардың ХХІ ғасырдағы негізгі құзыреттері мен дағдыларын қалыптастыру:

Оқушылардың өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі үшін сыни ойлау, эмоционалдық интеллект, тиімді коммуникация, командалық жұмыс және шешім қабылдау секілді жұмсақ дағдыларды (soft skills) қалыптастыру маңызды. Ұсынылған бағдарлама педагогтердің оқушыларда осы құзыреттерді мақсатты түрде қалыптастыруына бағытталған.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру қажеттілігі:

Оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауын қамтамасыз ету үшін ойын технологиялары, жобаға және проблемаларға негізделген оқыту, интерактивті сабақтар мен тренингтер сияқты түрлі педагогикалық технологияларды қолдану қажет. Ұсынылып отырған бағдарлама педагогтерге осы әдістерді практика жүзінде қолдану үшін нақты құралдар ұсынады.

Осылайша, ұсынылған бағдарламаны іске асыру Қазақстанның білім беру жүйесінің мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын дамыту және жетілдіру қажеттілігіне толық жауап береді. Бұл өз кезегінде оқушылардың табысты кәсіби өзін-өзі анықтауына және олардың еңбек нарығында тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін болады.

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

Модуль 1. Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері	1.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының нормативтік-құқықтық базасы: өзекті талаптар мен стандарттар.
	1.2 Мектептегі кәсіптік бағдар беру ісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері.
	1.3 Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауында педагог-профориентатордың рөлі..
Модуль 2. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2.1 Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық негіздері және кәсіптік бағдардың жас ерекшеліктері..
	2.2 Оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін диагностикалау және жеке тәсілді қолдану.
	2.3 Оқушылардың кәсіби мотивациясын және мансаптық бағдарын қалыптастыру.
Модуль 3. Мектептегі кәсіптік бағдар берудің заманауи	3.1 Кәсіптік бағдар берудегі интерактивті технологиялар: тренингтер, рөлдік және іскерлік ойындар.

технологиялары мен әдістері	3.2 Кәсіптік бағдар берудегі ойын әдістері: геймификация және сторителлинг.
	3.3 Оқушылармен кәсіптік бағдар жұмысында жобалық әдістерді қолдану.
	3.4 Кәсіптік сынамалар және кәсіпорындар мен мекемелерге экскурсияларды ұйымдастыру.
	3.5 Кәсіптік бағдар қызметінде кейс-әдісін пайдалану.
	3.6 Оқушылардың Soft Skills (жұмсақ дағдыларын) және мансаптық құзыреттіліктерін қалыптастыру.
	3.7 Кәсіптік бағдардағы заманауи цифрлық технологиялар және онлайн-платформалар..
	3.8 Оқушылардың кәсіби кеңес алуын ұйымдастыру.
	3.9 Кәсіптік бағдар беру жұмысында мектептің жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыстарын ұйымдастыру.
	3.10 Кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін мониторингілеу және бағалау әдістері.
Модуль 4. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бағдар беру және инклюзивті тәсілдеме	4.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері.
	4.2 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы психологиялық-педагогикалық тәсілдер.
	4.3 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс үшін кәсіптік бағдар беру технологияларын бейімдеу.
	4.4 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың жеке кәсіптік бағдарлық сүйемелдеуін ұйымдастыру ерекшеліктері.
	4.5 Білім беру ұйымдарындағы инклюзивті кәсіптік бағдар берудің тиімді тәжірибелері..
Модуль 5. Қорытынды модуль: авторлық жобаны әзірлеу және таныстыру	5.1 Авторлық кәсіптік бағдар беру жобасын немесе әдістемесін әзірлеу және таныстыру.
	5.2 Курсқа қатысушылардың авторлық жобаларын жария қорғау, сараптамалық талқылау және рефлексия.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты- Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың саналы және негізделген кәсіби

өзін-өзі анықтауына ықпал ететін кәсіптік бағдар беру жұмысының заманауи технологиялары мен әдістерін тиімді қолдану бойынша жалпы білім беретін ұйымдардың педагог-профориентаторларының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастырудың заманауи нормативтік-құқықтық және әдістемелік аспектілерімен педагог-профориентаторларды таныстыру.

Педагогтерде оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен кәсіби бейімділіктерін анықтауға арналған заманауи психологиялық-педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Педагогтерді мектеп оқушыларының кәсіптік бағдар беру жұмыстарында цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн-құралдарды және интерактивті технологияларды тиімді қолдануға үйрету.

Оқушылардың мамандықты саналы таңдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жобалық, ойындық және интерактивті кәсіптік бағдарлау әдістерін іске асыру бойынша педагогтердің құзыреттіліктерін дамыту.

Педагогтерде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын тиімді сүйемелдеу үшін ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен және кәсіби ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Педагог-профориентаторларды мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін мониторингілеу және бағалаудың заманауи әдістемелерімен таныстыру және оларды іс жүзінде қолдануға үйрету.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес кәсіптік бағдар берудің заманауи тәсілдері, технологиялары мен әдістемелері туралы өзекті білімдерді меңгереді.

Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен мүмкіндіктерін анықтау және талдау үшін психологиялық-педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді қолдана алады.

Кәсіптік бағдар беру қызметін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн-платформалармен және интерактивті құралдармен жұмыс істеу дағдыларын игереді.

Оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауына ықпал ететін жобалық, ойындық және интерактивті кәсіптік бағдар әдістерін тәжірибеде қолдана алады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін кешенді сүйемелдеу үшін ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен, қосымша және кәсіптік білім беру ұйымдарымен тиімді өзара әрекеттестік орнатуға қабілетті болады.

Заманауи тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып, кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін мониторингілеу, талдау және бағалау дағдыларын меңгереді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының сапалы ұйымдастырылуына, оқушылардың болашақ мамандықты саналы және жауапкершілікпен таңдауына ықпал ететін педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері

Мақсаты - педагогтердің мектепалды білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық және әдістемелік білімдерін қалыптастыру және жетілдіру, сонымен қатар инклюзивті білім беру саласында кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.	
Міндеттері: Педагог-профориентаторларды Қазақстан Республикасындағы кәсіптік бағдар беру қызметінің нормативтік-құқықтық базасымен, заманауи талаптармен және мемлекеттік стандарттармен таныстыру. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін меңгеруге ықпал ету. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы педагог-профориентатордың рөлі мен міндеттерін айқындау және нақтылау. Педагогтердің кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыруда әдістемелік құзыреттіліктерін арттыру	Күтілетін нәтижесі: Қазақстан Республикасындағы кәсіптік бағдар беру жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біліп, олардың талаптарына сәйкес әрекет етеді; мектептерде кәсіптік бағдар беру ісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін толық түсінеді және күнделікті жұмыста тиімді қолдана алады; оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіндегі педагог-профориентатордың негізгі міндеттері мен қызметтік функцияларын анық және толық түсінеді; кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру бойынша құжаттамаларды рәсімдейді және әдістемелік қолдауды жүзеге асырады.

1.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының нормативтік-құқықтық базасы: өзекті талаптар мен стандарттар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» Заңының кәсіптік бағдар беру қызметіне қатысты ережелері.

Білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастырудағы талаптары.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы және кәсіптік бағдар беру туралы басқа да нормативтік құжаттар.

Білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар.

Педагог-профориентатордың кәсіби стандарттары мен біліктілік талаптары.

Бұл тақырыпта педагогтер нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын талдайды, олардың білім беру ұйымдарының кәсіптік бағдар жұмысындағы орнын түсінеді, заңнаманың орындалуын қамтамасыз етуге қажетті дағдыларды қалыптастырады.

1.2 Мектептегі кәсіптік бағдар беру ісін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері.

Кәсіптік бағдар беру қызметінің мақсаттары мен міндеттері.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының кезеңдері мен бағыттары.

Кәсіптік бағдар беруді жоспарлау және ұйымдастыру.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі әдістері мен формалары.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын диагностикалау және бағалау құралдары.

Бұл тақырып аясында педагогтер кәсіптік бағдар берудің әдістемелік негіздерін, оның ұйымдастырылу тәртібін, негізгі құралдары мен технологияларын меңгереді, өз мектептеріндегі кәсіптік бағдар жұмысын тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға дағдыланады.

1.3 Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауында педагог-профориентатордың рөлі.

Педагог-профориентатор қызметінің мәні, функциялары мен жауапкершілігі.

Педагог-профориентатордың кәсіби құзыреттіліктері мен қажетті жеке қасиеттері.

Оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысының психологиялық-педагогикалық аспектілері.

Оқушылардың кәсіби мүдделерін қалыптастыру мен кәсіби бағдарды дамытудағы педагогтің рөлі.

Оқушылардың ата-аналарымен және әлеуметтік серіктестермен кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастырудағы педагогтің міндеттері.

Бұл тақырыпты игеру барысында педагогтер кәсіптік бағдар беру саласындағы өздерінің кәсіби қызметін нақты анықтайды, кәсіптік бағдарлау жұмысындағы педагогтің орны мен жауапкершілігін, оқушылармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады.

Модуль бойынша практикалық жұмыстар:

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері негізінде кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыру бойынша практикалық кейстерді шешу.

Мектептің кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру жоспарын әзірлеу және презентациялау.

Педагог-профориентатордың лауазымдық міндеттері мен қызметін сипаттайтын құжаттарды дайындау (қызметтік нұсқаулық, жылдық жоспар, кәсіптік бағдар беру іс-шараларының жоспары).

Модуль 2. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Мақсаты-оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің заманауи тәсілдері бойынша педагог-профориентаторлардың теориялық және практикалық құзыреттіліктерін арттыру, сондай-ақ оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтап, олардың кәсіби мотивациясы мен мансаптық бағдарын қалыптастыру дағдыларын меңгерту.	
Міндеттері: Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық ерекшеліктері мен жас кезеңдеріне байланысты өзгешеліктерін педагогтерге терең түсіндіру. Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктерін анықтау мақсатында психологиялық диагностика мен жеке тәсілді қолданудың тиімді жолдарын үйрету. Оқушылардың кәсіби мотивациясын және мансаптық бағдарын мақсатты түрде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық әдістерімен таныстыру. Педагогтердің оқушылармен кәсіби бағдарлау жұмысындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту.	Күтілетін нәтижелері: Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін психологиялық заңдылықтар мен жас ерекшеліктерін толық біледі және ескереді; Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен мүмкіндіктерін анықтау үшін психологиялық диагностиканы және жеке тәсілді тәжірибеде тиімді қолданады; Оқушылардың кәсіби мотивациясын қалыптастыру мен мансаптық бағдарын айқындау бойынша нақты әдіс-тәсілдерді игеріп, оларды тиімді пайдаланады; Оқушылардың кәсіби таңдау процесін жүйелі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін қажетті құзыреттіліктерді меңгереді. .

2.1 Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының психологиялық негіздері және кәсіптік бағдардың жас ерекшеліктері:

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық түсінігі мен негізгі ұғымдары.

Кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ететін психологиялық факторлар.

Өртүрлі жас кезеңдеріндегі кәсіби бағдар жұмысының ерекшеліктері.

Жасөспірімдік кезеңдегі тұлғалық даму және кәсіби бағытталу мәселелері.

Оқушылардың кәсіби таңдауындағы психологиялық кедергілер мен оларды еңсеру жолдары.

Бұл тақырыпта педагогтер кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық мәнін толық түсініп, жас ерекшеліктеріне байланысты кәсіби бағдарлау жұмыстарының тиімді тәсілдерін үйренеді.

2.2 Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын мен бейімділіктерін диагностикалау және жеке тәсілді қолдану:

Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін диагностикалау құралдары.

Психологиялық диагностиканың заманауи әдістері мен тесттері.

Жеке тәсілді қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері.

Диагностика нәтижелерін талдау, интерпретациялау және педагогикалық практикада қолдану жолдары.

Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби бағыт берудің әдіс-тәсілдері.

Бұл тақырыпты меңгеру арқылы педагогтер психологиялық диагностика құралдарын қолдануға және диагностикалық нәтижелерге сәйкес оқушыларға жеке кәсіптік бағдар беруге дағдыланады.

2.3 Оқушылардың кәсіби мотивациясын және мансаптық бағдарын қалыптастыру:

Кәсіби мотивация түсінігі, оны қалыптастыру жолдары.

Оқушылардың кәсіби мотивациясын арттырудың психологиялық-педагогикалық тәсілдері мен әдістері.

Оқушылардың мансаптық бағдарын қалыптастырудың заманауи технологиялары.

Мансаптық күтулерді басқару, мақсат қою және жоспарлау дағдыларын дамыту.

Оқушылардың кәсіби мансабын саналы жоспарлауы үшін қажетті психологиялық дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру.

Бұл тақырып педагогтерге оқушылардың кәсіби мотивациясы мен мансаптық бағдарын мақсатты түрде дамытуға бағытталған заманауи технологияларды игеруге мүмкіндік береді.

Модуль бойынша практикалық жұмыстар:

Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын мен бейімділіктерін анықтау үшін диагностикалық әдістерді практикада қолдану.

Диагностикалық нәтижелер негізінде оқушылардың кәсіби бейіндерін қалыптастыру бойынша жеке кәсіптік бағдар беру жоспарын әзірлеу.

Оқушылардың кәсіби мотивациясын арттыруға арналған психологиялық тренингтер мен жаттығулар әзірлеу және өткізу.

Модуль 3. Мектептегі кәсіптік бағдар берудің заманауи технологиялары мен әдістері

Модуль мақсаты-Педагог-профориентаторлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарында заманауи интерактивті, цифрлық және жобалық технологияларды тиімді қолданудың әдістемелік негіздерін, практикалық тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын меңгерту, сонымен қатар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау
--

процесін жан-жақты және нәтижелі сүйемелдеуге жағдай жасау.	
Міндеттері: Педагогтерді кәсіптік бағдар берудің заманауи интерактивті әдістерімен және технологияларымен (тренингтер, рөлдік және іскерлік ойындар, геймификация, сторителлинг) толық таныстыру және оларды тәжірибеде қолдануға үйрету. Педагогтердің жобалық әдістер мен кейс-технологияны кәсіптік бағдар жұмысында жүйелі әрі мақсатты қолдануға бағытталған құзыреттіліктерін дамыту. Оқушылардың мамандықтарды саналы таңдауына септігін тигізетін кәсіби сынамалар мен экскурсияларды ұйымдастырудың тиімді әдістерін педагогтерге меңгерту. Soft Skills (жұмсақ дағдылар) мен мансаптық құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемелерін игерту арқылы оқушылардың заманауи еңбек нарығына бейімделу қабілетін арттыру. Цифрлық технологиялар, онлайн-платформалар және ресурстар арқылы кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру дағдыларын педагогтерде дамыту. Оқушылардың кәсіби кеңес алуы мен кәсіби бағдарды сүйемелдеудің заманауи әдістерін педагогтерге таныстырып, оларды тәжірибеде қолдану жолдарын көрсету. Кәсіптік бағдар жұмысын тиімді жүзеге асыру үшін мектеп пен әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер мен жоғары оқу орындарының өзара	Күтілетін нәтижелер: Кәсіптік бағдар жұмысына қажетті заманауи интерактивті технологияларды (тренинг, рөлдік, іскерлік ойындар) тәжірибеде тиімді қолданады; Геймификация мен сторителлинг әдістерін пайдаланып, оқушылардың мамандық таңдауына деген мотивациясын және қызығушылығын арттырады; Кәсіби бағытталған жобалық жұмыстар мен кейс-технологияларды тиімді қолдануға дағдыланады; Оқушылардың кәсіптік сынамалары мен өндірістік-танымдық экскурсияларын ұйымдастыруға қажетті әдіс-тәсілдерді толық меңгереді; Оқушылардың Soft Skills (жұмсақ дағдыларын) мақсатты түрде қалыптастыруға қажетті тәсілдер мен әдістерді игереді; Цифрлық технологияларды, онлайн-платформаларды кәсіптік бағдар беру қызметінде жүйелі қолдануға дағдыланады; Оқушыларға сапалы кәсіби кеңес беруді ұйымдастырудың технологиясын және әдістерін меңгереді; Жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарымен тұрақты серіктестік байланыстарын орнатуға және дамытуға қабілетті болады; Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін қажетті әдістемелерді меңгереді және оларды жүйелі қолданады.

әрекеттестігін жүйелі ұйымдастыруды үйрету. Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін мониторингтеу мен бағалау әдістерін педагогтерге үйрету.	
--	--

3.1 Кәсіптік бағдар берудегі интерактивті технологиялар: тренингтер, рөлдік және іскерлік ойындар.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудағы интерактивті формаларды, оның ішінде психологиялық және әлеуметтік тренингтерді, рөлдік және іскерлік ойындарды егжей-тегжейлі қарастыру. Іс-шара сценарийлерін әзірлеудің ерекшеліктері, өткізудің әдістемесі, табысты тәжірибелерден мысалдар, әр әдістің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау. Тәжірибелік жаттығуларды ұйымдастыру және алынған нәтижелерді рефлексивті талдау.

3.2 Кәсіптік бағдар берудегі ойын әдістері: геймификация және сторителлинг.

Оқушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастырудағы ойын технологиялары мен сторителлинг әдістерінің әлеуетін ашу. Ойын сценарийлері мен баяндау тәсілдері арқылы оқушыларды кәсіптік бағдарлау процесіне тарту технологиялары, кәсіптік бағдарлау ойындарын әзірлеу және жүзеге асыру. Табысты практикалық мысалдарға шолу, ойын әдістерін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар және геймификация мен сторителлинг элементтерін тәжірибе жүзінде қолдану.

3.3 Оқушылармен кәсіптік бағдар жұмысында жобалық әдістерді қолдану.

Жобалық әдістің кәсіптік бағдар жұмысындағы өзектілігін негіздеу, оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері. Кәсіптік бағдар шараларын жобалау технологиясы, жобаларды әзірлеу, оларды жүзеге асыру және таныстыру жолдары. Табысты жобалық жұмыстардың мысалдарын талдау, оқушылардың жобалық қызметін әдістемелік сүйемелдеу дағдыларын практика жүзінде дамыту.

3.4 Кәсіптік сынамалар және кәсіпорындар мен мекемелерге экскурсияларды ұйымдастыру.

Кәсіптік сынамалардың кәсіптік бағдар берудің тиімді әдісі ретіндегі маңызы. Кәсіптік сынамаларды ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі, экскурсиялық жұмыстардың мәні, мекемелер мен кәсіпорындармен өзара әрекеттесу арқылы көшпелі іс-шараларды ұйымдастыру. Кәсіптік бағдарлық экскурсиялар мен сынамаларды жоспарлау, ұйымдастыру және бағалау технологияларын тәжірибе жүзінде игеру.

3.5 Кәсіптік бағдар қызметінде кейс-әдісін пайдалану.

Кәсіптік бағдарлаудағы кейс-әдісінің мәні және ерекшеліктері, оқушылар үшін кейстерді әзірлеу және қолдану әдістемесі. Кейс-әдісі

бойынша табысты тәжірибелер мен мысалдарды талқылау, педагогикалық жағдаяттарды шешу, кейстерді дайындау бойынша әдістемелік ұсыныстар, кейстермен тәжірибелік жұмыс жүргізу және алынған нәтижелерді талдау.

3.6 Оқушылардың Soft Skills (жұмсақ дағдыларын) және мансаптық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Кәсіптік бағдар беру процесінде оқушылардың Soft Skills және мансаптық құзыреттіліктерін дамытудың маңыздылығы. Коммуникация, сыни ойлау, ынтымақтастық пен бейімділік сияқты құзыреттіліктерді диагностикалау және дамыту әдістері. Soft Skills-ты дамыту бойынша тәжірибелік тренингтер, бұл процестегі педагогтің рөлін талқылау, құзыреттіліктердің дамуын бағалау мен мониторингілеу дағдыларын меңгеру.

3.7 Кәсіптік бағдардағы заманауи цифрлық технологиялар және онлайн-платформалар.

Кәсіптік бағдар беруде қолданылатын заманауи цифрлық құралдар мен онлайн-платформаларға шолу жасау. Электрондық тесттер, цифрлық кәсіптік бағдарлау бағдарламалары, виртуалды турлар мен вебинарлар сияқты ресурстарды қолдану әдістемесі. Технологиялар мен ресурстарды тәжірибе жүзінде игеру, оларды мектептегі кәсіптік бағдар практикасына тиімді енгізу бойынша ұсыныстар.

3.8 Оқушылардың кәсіби кеңес алуын ұйымдастыру.

Оқушыларды жеке және топтық кәсіптік бағдарлау бойынша кеңес берудің әдістемелік негіздері. Кәсіптік кеңес берудің технологиялары, кеңес беру жұмысын ұйымдастыру кезеңдері мен формалары, оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін диагностикалау. Кеңес беру дағдыларын практика жүзінде дамыту және кәсіптік бағдарлық әңгімелер жүргізу әдістерін меңгеру.

3.9 Кәсіптік бағдар беру жұмысында мектептің жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыстарын ұйымдастыру.

Жұмыс берушілермен және жоғары оқу орындарымен өзара әрекеттесудің маңыздылығы мен ұйымдастыру әдістері. Ынтымақтастық пен серіктестіктің тиімді формалары, бірлескен жобалар мен іс-шаралар, тиімді коммуникация мен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру технологиялары. Келіссөз жүргізу және серіктестік келісімдерін жасасу дағдыларын тәжірибе жүзінде қалыптастыру.

3.10 Кәсіптік бағдар беру қызметінің тиімділігін мониторингілеу және бағалау әдістері.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тиімділігін мониторингілеу және бағалау бойынша заманауи тәсілдерге шолу. Тиімділік критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу, мониторинг жүргізу технологиялары, алынған деректерді талдау және кәсіптік бағдар беру қызметін түзету әдістері. Мониторинг нәтижелерін жинау, талдау және интерпретациялау әдістерін тәжірибе жүзінде меңгеру.

Модуль 4. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бағдар беру және инклюзивті тәсілдеме

Модульдің мақсаты – Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ бар) оқушылардың кәсіптік бағдарын тиімді ұйымдастыру үшін педагогтердің нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттіліктерін арттыру, сондай-ақ инклюзивті білім беру ортасында кәсіби өзін-өзі анықтауды қолдаудың инновациялық тәсілдерін меңгерту.	
Міндеті: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бағдар беру бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік талаптар туралы педагогтердің білімін кеңейту. ЕБҚ бар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесіне психологиялық-педагогикалық тәсілдерді тиімді енгізу жолдарын көрсету. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған кәсіптік бағдар технологияларын бейімдеу тәсілдерін игерту. Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды жеке кәсіптік бағдарлау жұмысының ерекшеліктері мен оларды сүйемелдеудің тиімді әдістерін меңгерту. Инклюзивті кәсіптік бағдар беру бойынша үздік тәжірибелерді талдау және оларды педагогикалық практикада қолдануға үйрету.	Күтілетін нәтижелер: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздерін жетік меңгереді. ЕБҚ бар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіне психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді сапалы түрде жүзеге асыра алады. Ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істеген кезде кәсіптік бағдар беру технологияларын бейімдей алады және оларды тиімді қолданады. ЕБҚ бар оқушылардың жеке кәсіби даму жолдарын қалыптастыруға қажетті әдістемелік құзыреттіліктерін толық игереді. Инклюзивті кәсіптік бағдар берудің табысты тәжірибелерін өз жұмысында тиімді қолдануға қабілетті болады.

4.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға кәсіптік бағдар берудің нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері:

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру мен кәсіптік бағдардың нормативтік-құқықтық базасына шолу.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың құқығы мен мүмкіндіктерін реттейтін заңнамалық актілердің ерекшеліктері.

Инклюзивті кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыруға қойылатын әдістемелік талаптар мен стандарттар.

Кәсіптік бағдарлау бойынша ЕБҚ бар оқушылармен жұмыс істеудің нормативтік құжаттары мен әдістемелік ұсынымдарын қолдану тәсілдері.

4.2 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы психологиялық-педагогикалық тәсілдер:

ЕБҚ бар оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін диагностикалау және анықтаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету технологиялары.

Оқушылардың кәсіби бағдарын дамытуға бағытталған психологиялық және педагогикалық тәсілдерді қолдану әдістемесі.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін ескеру жолдары мен әдістері.

4.3 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс үшін кәсіптік бағдар беру технологияларын бейімдеу:

Жалпы кәсіптік бағдар беру технологияларын ерекше қажеттілігі бар оқушыларға бейімдеудің тәсілдері.

Кәсіптік бағдарлау іс-шараларының мазмұнын, формасын және әдістерін бейімдеу әдістемесі.

Интерактивті, ойын, жобалық және цифрлық кәсіптік бағдар беру технологияларын ЕБҚ бар оқушылардың мүмкіндіктеріне сай икемдеу жолдары.

Бейімделген технологияларды практика жүзінде қолдану бойынша ұсыныстар мен әдістемелік кеңестер.

4.4 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың жеке кәсіптік бағдарлық сүйемелдеуін ұйымдастыру ерекшеліктері:

